



**Автор:** Бекмурзаева Гулнара Альмахановна

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 10-сынып

**Бөлім:** Веб-жобалау

**Тақырып:** Web-беттер және сайттар.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Web-сайт, web-парақ ұғымын, Html тегтерінің қызметін бастауыш деңгейде түсіндіру. Сайт түрлерін атап шығу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Web-сайт, html, тег, браузер, блокнот ұғымын қолданады. Оқушылардың басым бөлігі: Біліп үйренгендерін қолданып, практикалық және теориялық түрде берілген тапсырмаларды орындайды. Кейбір оқушылар: білімін жинақтайды, рефлексия жасайды: Сайт құруда блокнот редакторы және html тегтерінің қолданылуын бағалау.
Тілдік мақсаттар:	Web-парақ және сайттар құру туралы түсініктерін қалыптастырады. Лексика және терминалогия: Web-сайт, html, тег, браузер, блокнот Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: 1. Қандай деңгейде домендер тегін болады? 1. 2. Іздестіру жүйесін қолданып, web – сайттардың дайын үлгілерін тауып, қарап шығыңдар. Сендердің ойларыңша, дайын үлгілердің артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңдар.
Бағалау критерийлері:	- web-сайт ұғымын түсіндіреді; - сайт түрлерін атайды; -сайт жасау құралдарының қызметін анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Физика, ағылшын т., сурет, тарих
Бастапқы білім:	HTML-программалау. Интернет үшін ақпараттық объектілерді құру құралдары.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Ұйымдастыру кезеңі: «Жақсы көңіл күй сыйлай білейік» тренингін жасату арқылы оқушыларға жағымды ахуал қалыптастыру. «Мозайка» арқылы топқа біріктіру: 1- топ «WhatsApp » тобы; 2-топ «Facebook» тобы Үй тапсырмасы «Сұрақтар шеңбері» әдісі. 1. HTML дегеніміз не? 2. Гипермәтін терминін алғаш енгізген кім? 3. HTML тілінің тегтері жайлы не білесіңдер? 4. HTML құжаты қандай бөлімдерден тұрады? 5. HTML-дің бірінші үлгісінің авторы кім? Бірінші үлгісі қай жылы жарияланған? 6. Хостинг деген не? Сайт жасау құралдарының қызметі қандай? Дескриптор: - сұраққа жауап береді; - ребусты шешеді; - Сайт жасауға керекті құралдарды атайды.	Үлестірме қағаздар компьютер слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (24 минут)	<p>Білу және түсіну Бүгінгі сабақтың тақырыбын ребус шешу арқылы ашу. Тапсырма №1. Ребусты шешіңіз. Дескриптор: - ребусты шешеді «Web-беттер және сайттар» (сабақты түсіндіру кезінде «BilimLand» порталынан бейне ролик көрсету 3.5 минут ) Сайт деген не? Сайттың қандай түрлері бар? Сайт (ағыл. website: web - "шырмауық, желі" және site - "орын", шын мәнінде "желідегі бір орын") - белгілі бір адамның немесе компанияның электронды құжаттарының белгілі бір адрес (домен) бойынша жиналған орны. Барлық сайттар қосыла келе дүниежүзілік шырмауықты біріктіреді. Сол дүние жүзілік шырмауық (World Wide Web немесе жәй ғана www) дүниежүзіндегі барлық ақпараттарды бір орынға, базаға жинайды және сол база бүкіл планета аралық түрде қолдануға беріледі. Тапсырма №2. Анықтаманы толтырыңыз. 1.Сайт _____</p> <p>_____ 2. Сайт түрлері _____</p> <p>_____ Дескриптор: - сайт анықтамасын жазады. - сайт түрлерін атайды.</p> <p>Қолдану Тапсырма №3 Мазмұнды сызбамен жұмыс. «Ойлан-Бірік-Бөліс» әдісі. I топ: Мектеп сайты жобалау. Мәтінді оқыңыз. Ержан 2018 жылдың ақпан айынан наурыз айына дейін №33 Б.Момышұлы мектебінің сайты жасау тапсырмасы берілген. Ержанға мектеп сайтының жобасын (дизайн) жасауға көмек керек болып тұр. Қалай ойлайсыңдар, web-парақта жұмысты неден бастау керек? Дескриптор: - мектеп сайты жобалайды; - безендіруге көңіл аударады; - сурет, бейне, дыбыс, іздеу жүйелерін кірістіреді; - өз сайттарын қорғайды. II топ: Фиш – Боун әдісі. Дескриптор: - проблеманы анықтайды; - себептерін түсіндіреді; - дәлелдер келтіреді; - қорытынды жасайды;</p>	Үлестірме материал. оқулық, дәптер «BilimLand» порталы Компьютер Слайд А4 қағазы маркерлер
Сабақтың соңы (4 минут)	<p>Талдау және жинақтау Тапсырма №4. Сәйкестендіру № Сайт жасау құралдары Қызметі 1 HTML А HTML құжатының денесін шектейді (браузер терезесінде көрінетін ақпарат) 2 Tag Ә Гипермәтін белгілейтін тіл – web-парақ құрудың құралы 3 Сайт Б Html пішімінде құжат сақталуы 4 Браузер В қарапайым мәтіндік редактор 5 Блокнот Г Web-парақты жаңарту 6 Сайт түрлері Д Google, Opera, Яндекс 7 &lt;BODY&gt; &lt;/BODY&gt; Е белгілі бір адамның немесе компанияның электронды құжаттарының белгілі бір адрес бойынша жиналған орны. 8 F5-ң қызметі Ж терезелерге ауысу 9 Alt+Tab қыз. 3 коммерциялық, сайт-визитка 10 Index.html И жұп-жұпсыз, &lt; &gt; &lt;/&gt; Дескриптор: - сайт жасау құралдарының қызметін көрсетеді. Қосымша тапсырма: ПЖ түрі Артықшылығы Кемшілігі Сайт конструктор Пайдалану қарапайым, арнайы дайындық талап етпейді Сайтқа қойылған шектеулер Сайт құру программалары Визуалды дайын редактордың Html терең білуі қажет емес Күрделі элементтер құру мүмкіндігі жоқ, жаңарту тек сайт құрылған компьютерден ғана жүзеге асырылады Бағалау. «Білгіш оқушы» әдісі Қалай ойлайсыңдар, күнделікті өмірде осындай ақпараттарды пайдаланамыз ба? Оқушыларды әр кезеңде «Алтын сақа» арқылы бағалау.</p>	Дәптер үлестірме қағаздар Стикер
Рефлексия (2 минут)	«Ойды аяқта...» - Менің бүгінгі сабақтағы жетістігім. Оның себептері. - Менің бүгінгі сабақтағы кемшілігім. Оның себептері.	стикерлер